


Л 2009  
18634к

Әдеби  
мемуарлар



# Қалибек Хакім туралы естеліктер

(Азаттық аңсап,  
Гималай асқан көш)



*Қалибек Хакім  
шұралы естеліктер*

*(Азаттық аңсап, Гималай асқан көш)*



Алматы,  
“Білім” 2009

УДК 94(574) ✓

ББК 63.3 Қаз


Қ 29 ✓

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шығарылды

Құрастырған:  
Әбілбашар ІЛИЯСҰЛЫ

Қ 29 Қалибек Хакім туралы естеліктер. (Азаттықты аңсап, Гималай  
асқан көш.)/Құрас.: Ә.ІЛИЯСҰЛЫ. Алматы: "Білім", 2009. –  
288 бет+32 бет фото.

ISBN 9965-09-605-8



«Қалибек Хакім туралы естеліктер» деп аталатын бұл  
жинаққа тарихшы ғалымдар мен ұлы Х.Оралтайдың жазған  
естеліктері еніп отыр.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

Қ 0503020905  
00(05)-09

УДК 94(574)  
ББК 63.3 Қаз

ISBN 9965-09-605-8

© Ілиясұлы Ә., 2009  
© "Білім" баспасы, 2009

---

---

## *Кіріспе*

Қазақ тарихында 2008 жыл алтын әріппен жазылуға тиіс айтулы жылдардың бірі болды. Тәуелсіз қазақ мемлекетінде тұңғыш рет Алаштың 90 жылдығы арнайы аталып өтті. Алтай мен Атырау арасындағы бүкіл қазақ даласын Алаш арыстарын жоқтап, еске алып, ескерткіштер қойып, жер-жерде арманда кеткен арыстарға құран бағыштап, ас берілді. Сондай салтанатты жиын, торқалы шара сол алаш арыстарының сөзіне бас иген, көзін көрген, Алаш идеясын ту етіп ұстаған, аты алты Алашқа әйгілі ұлт-азаттық күресінің қаһарманы Қалибек Хакімнің туғанына 100 жылдығына арналды. Қараша айының 6-жұлдызында Алматыдағы Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында «Қалибек Хакім заман, тағдыр және тарих» атты ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Қалибек Хакім кім деген сұраққа бір сөзбен жауап беру қиын, сондықтан «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясындағы деректерге жүгінген жөн шығар:

«Қалибек Райымбекұлы 1908 жылы Қытай Халық Республикасы, Шынжаңның Тарбағатай аймағы, Майлы Жайыр өңірінде дүниеге келген.

Қалибек Райымбекұлы Шығыс Түркістан қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысының басшыларының бірі. 1933 жылы Шығыс Түркістан құпия ұйымын құруға қатысқан. 1940-1946 жылдары Манас-Сауан аудан халқының ұлт-азаттық көтерілісіне басшылық етті. Арнайы жасақ құрып, Сауан ауданын азат етті. 1946 жылы аудан әкімі болып тағайындалды. Сол жылы Шығыс Түркістан үкіметі

«Халық қаһарманы» атағын берді. Бір жылдан кейін Шығыс Түркістан үкіметі коммунистерінің қуыршағы екендігіне көзі жеткен Қалибек оған бағынудан бас тартты. 1947 жылы Сауан халқын бастап Қаратау-Көклікке қарай көшті. Осы жылы қазан айында 600 адамдық 8-қазақ атты әскер полкін құрды. Бірақ Кеңес Одағының көмегіне иек артқан Шығыс Түркістан үкіметі әскеріне төтеп бере алмай, Қаратауға қарай шегінді, осы жерде ұйғырлар және дүнген генералдарымен, Үрімжідегі АҚШ консулы Пакістонмен және Алтайдағы Оспан батырмен байланыс орнатты. 1951 жылы бірінші ақпанда Қытай коммунистерінің тұтқиыл шабуылынан шегінген ол елін бастап, Такламакан шөлін кесіп өтіп, Тибет пен Гималай арқылы 1952 жылдың аяғында Үндістанның Кашмир аймағына келеді. Осындағы АҚШ елшілігі арқылы БҰҰ-мен байланыс орнатып, Түркияға баруға рұқсат алған соң, 200 түтіннен қалған 124 адамды 1954 жылы 29 шілдеде Стамбул қаласына бастап барады. Түрік мемлекетінде де Қазақ ұлтының мүддесіне қатысты көптеген мәселелерге араласты. 1985 жылы 16-қарашада Түркияның Салихлы қаласында дүниеден өтті» («Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2003. – том 5.– 498-бет.) Қалибек Хакім Райымбекұлы – қазақ елінің соңғы үш жүз жылдық тарихында ұлтының азаттығы үшін үздіксіз жүрген күресті жалғастырушылардың бірі.

Алаш жұрты соңғы бір ғасырдың өзінде бірнеше нәубетті басынан өткерді. Қазан төңкерісі, қолдан жасалған ашаршылық, Сталин мен Мао Зы Дуңның, Голощекин мен Щың Шы Сайдың зұлымдық қырғыны, социализмнің ұлтты өзінің салт-дәстүрінен, дінінен, ділінен, тілінен айыру саясаты Шығыс Түркістан қазақтары үшін де ауыр болды.

Атамекенінде бейбіт өмір сүріп отырған қазақ үшін екі бүйірден қысқан екі алып империяның біртұтас

Түркістанды бөлшектеу саясаты оларды құрлық асып көшуге мәжбүрледі. Ұлт тарихында қазақ әр кез еркіндік аңсап, ауа көшіп отырған. Сол көштің бірі және бірегейі – Батыс баспасөздерінде «Қазақтар азаттық еркіндікке қалай қашты?» атты кітаптар жазуға дейін жеткізген көш – осы 100 жылдығын атап өтіп отырған Қалибек Хакімнің азаттық жолындағы көші еді. Тар жол, тайғақ кешуге толы осы сапардың тарихи мән-маңызы, ұлттық тағылымы мерейтой қарсаңында республикалық ақпарат құралдарында жан-жақты саралана бастады. Талдау мақалалар жазылып, ғылыми түрде арнайы зерттеуге бетбұрыс байқалды. Олардың қатарына «Құрлық асқан көш», «Гималай асқан көш», «Азаттық аңсаған көш» т.б. мақалалар жатады.

Қалибек Хакім Райымбекұлының туғанына 100 жылдығының Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ресми атап өтілуі – кешегі Ресей империясымен отыз жыл аттан түспей күрескен қазақтың соңғы ханы Кенесарыға, Шығыс Түркістанда коммунизммен күресіп шейіт болған Оспан батырға, біртұтас қазақ елінің басын біріктіреміз деп аласұрған Алаш көсемдеріне деген тағзымның жалғасы Қалибек Хакімнің елі мен жерін отаршылдардан қорғау үшін сан рет соғыса отырып, соңынан ерген жұртын бастап Такламакан шөлінен өтіп, Гималай шыңынан асудағы басты мақсаты – бодандық ноқтасын басына кигізбеу үшін күресі еді. Сол ауыр жолда азап көрген, ыс тиіп арманда кеткен боздақтарды еске алып отыру – бүгінгі қазақ елінің борышы деп білу керек. Азаттық үшін қазақ ұлты көп күресті, Аллаға мың да бір шүкір, тілектері қабыл болды. Бұл істің бүгінгі ұрпаққа берері мол, жастарды Отансүйгіштікке, елшілдікке тәрбиелейтіні сөзсіз. Қалибек Хакімнің алашшыл күресін жалғастырушы ұлы Хасан Оралтай бұл күнде исі қазаққа белгілі тұлға,

қоғам қайраткері, Халықаралық Журналистер одағының мүшесі, қазақ диаспорасының көрнекті өкілі, «Азаттық» радиосының қазақ бөлімінде 28 жыл қызмет етті, соның 8 жылында қазақ бөлімінің директоры болды. Алаш көсемдерінің ісін жалғастыра білді.

Хасан Оралтай Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері (1995 жыл), Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің құрметті профессоры (1995 жыл), Қазақстан Журналистика академиясының ең мәртебелі жалпыұлттық «Алтын самұрық» сыйлығының иегері (2007 жыл), Семей қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы университеттің құрметті профессоры (2008 жыл). Хасан Оралтай сонымен бірге көптеген еңбектердің авторы: тұңғыш рет Түркияда басылып шыққан «Гималай дастаны» (1955), «Шығыс Түркістан қазақтарының ұлт-азаттық күресі» (Ізмір, 1961; Стамбул, 1976), «Үлкен түрікшіл ақын Мағжан Жұмабайұлы» (Ізмір, 1965), «Абылай хан» дастаны (Мюнхен, 1971), «Алаш – Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны» (Стамбул, 1973), «Қазақ түріктері» (Стамбул, 1986), «Елім-айлап өткен өмір» (Стамбул, 1999; Алматы, 2005), «Елім-айлап өткен өмірден соң» (Ізмір, 2006) т.б.

Хасан Оралтай шет елде жүрсе де күні бүгінге дейін қазақ баспасөзін жіті қадағалап, Алаш жұртының намысы үшін өз пікірін мақалалары арқылы білдіріп тұрады.

Ұлт-азаттық күресінің қайраткері Қалибек Хакім Райымбекұлының 100 жылдық мерейтойына Германиядан, Түркиядан Қытай және Монғолия мен Өзбекстан елдерінен көптеген қонақтар қатысты. Осы ғылыми-теориялық конференцияға арнайы өкілін жіберген ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құлмұхаммед мырзаның құттықтау хаты оқылды. Қазақстан тарихшылары қауымдастығының төрағасы Мәмбет Қойгелді, халық

жазушысы Қабдеш Жұмаділ, тарихшы-ғалымдар Зардықан Қинаятұлы, Нәбижан Мұқаметханұлы, Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Нұрлан Оразалин, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының орынбасары Сұлтанәлі Балғабай, «Жалын» журналының бас редакторы, белгілі қоғам қайраткері Мұхтар Шахан, академик Тұрсынбек Кәкіш, академик Рымғали Нұрғали, «Отырар» кітапханасының директоры Тұрсын Жұртбай баяндамалар жасады.

Қалибек Хакімнің 100 жылдығын атап өту туралы пікірді жан-тәнімен қолдаған Қазақстан Парламентінің депутаты Бекболат Тілеухан бастаған азаматтар қазақ ұлтының бүгінгі жоқшысы екендігін тағы бір дәлелдеді. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед мырза да депутаттық сауалды қолдай отырып, Қалибек Хакім Райымбекұлының 100 жылдық мерейтойын республика деңгейінде атап өтуге, халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізуге қол ұшын берді. Бұл азаматтарға алғысымыз шексіз, АЛЛА разы болсын!

Бұл игілікті шаралар – Тәуелсіз қазақ еліне Алаш рухының оралуының көрінісі, жаңа ұлттық идеологияның қалыптасуының басы және шетелдердегі 5 миллион қазаққа, Отанына оралып жатқан қандастарға деген құрмет. Қазақтың көк туы биіктей берсін! Осы ғасырда қазақтар бір шаңырақтың астына жиылуға АЛЛА нәсіп етсін!

Жинаққа халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда жасалған қазақ, түрік, орыс тілдеріндегі баяндамалар, Қалибек Хакімнің өмірі мен қызметі жайлы естеліктер, талдау мақалалар, атақты батыр туралы жазылған жыр-дастандар, өмір тарихына байланысты деректер енгізілді.

*Әбілбашар ІЛИЯСҰЛЫ.*

---

## *Қалибек Хакім 100 жаста*

*(Өмір жолы жөнінде қысқаша мәлімет)*

Осыдан бір ғасыр бұрын, яғни, 1908 жылы Тарбағатайдың Қытай Халық Республикасы құрамындағы Алтын Еміл өңірінде дүниеге келген Қалибек Хакімның есімімен өмір жолы орыс пен қытай және моңғолдың бөлшектеп билеген отаршылық қанауы астында болып келген қазақ халқының көбіне таныс емес. Алайда бір ақынның “Қалибек Хакім” деген толғауында:

*Біз де елміз деп жүргенде, ұлтпыз деп,  
Басты аспанды қап- қара бұлт күз кеп.  
Жолға шықтың жан ата, бастап елді,  
Туысқаныңды түбі бір түрікті іздеп.*

*Қанды майдан білгенге, мына майдан,  
Жан қалады соғыста, сірә, қайдан?  
Қабанбай да аспаған Наурызбай да,  
Атпен астың әйгілі Гималайдан.*

*Азық етіп аңның да табылғанын,  
Садаға еді ел үшін, жаның малың.  
Әбілқайыр бағынған ата жауға,  
Тізе бүгіп сен, бірақ, бағынбадың.*

*Сездің алда тұрғанның жол аңдып кім,  
Тартты азабын мал-жанның,*

*қораң жұттың.*

*Хан Абылай кеткен соң дүниеден,  
Киді қазақ кепешін бодандықтың.*

*Айырбастан бақ алдың таза терге,  
Тапқан жандар қаншама қаза шөлде.  
Қар жамылып, сонымен мұз төсеніп,  
Сен көшіңді жеткіздің азат елге... –*

деп сипаттағанындай, Қалибек Хакімнің көзін құрту үшін ізіне түсіп қуалаған совет-қытай қосындарымен сан рет айқаса отырып, Такламакан шөлінен өтіп, Гималай тауынан асып, Үндістан мен Пәкістанды басып, Ирак пен Сирияны төстеп өтіп, 1954 жылы Түркияға баруы әлем елдерінің де назарын баса аударған болатын. Сол үшін де көптеген кітаптар мен жүздеген мақалаларда “Қазақ көші” туралы баяндалған. Ол өткен ғасырдағы маңызды оқиғалардың бірі ретінде бағаланғанды.

1908 жылы Тарбағатайда дүниеге келген Қалибек Хакім 1935 жылы Еренқабырға тауының бөктеріндегі Қызылөзен өңіріне қоныс аударады. Сол жылдан бастап, Қызылөзен өңіріндегі Жүніс қажы басқаратын құпия “Ұлтты Қорғау” ұйымының белсенді мүшелерінің, кейін басшыларының бірі болады. Соның салдарынан 1940 жылы Қалибек Хакім және сол ұйымның өзге бірнеше мүшелері тұтқындалады. 18 ай ұсталып қамалған кезінде оларды “саяси курс” үгіт насихаты арқылы тәрбиелеу тәсілі қолданылады. Он сегіз айдан кейін Қалибек Хакім Манас ауданына қайтарылады. Орталық қытайда болған бірқатар өзгерістерге байланысты ауданда әкімшілік қызметке тағайындалады. 1944 жылы Қалибек Хакім тағы Үрімжіге шақырылып бір мезгіл қамалады.

1945 жылы жазда Қалибек Хакім Қызылөзенде қытай отаршылық әкімшілігіне қарсы қарулы күрес бастады.

Шығыс Түркістан үкіметі қосындарының Манас өзеніне дейін екпіндеп барып қытайларды ығыстыруына маңызды үлес қосты. Соның нәтижесінде Қалибек Хакім Сауан ауданы әкімі етіліп тағайындалды және Шығыс Түркістан үкіметі жағынан бірнеше алтын медальдармен марапатталды. 1947 жылы Қалибек Хакім “Шығыс Түркістан Республикасы” деген аты өшіріліп, орыс-қытай отаршыларының мүддесіне сай “Үш Аймақ” деп аталған қуыршақ үкіметке қарсы күрес бастады. 1948 жылы Қалибек Хакім Үрімжідегі антикоммунист қытай басшыларымен және ондағы қазақ зиялыларымен түрлі саладағы байланыс сөйлесулерін жиілетті.

1949 жылы Қалибек Хакім батыстан Үш Аймақ арқылы төніп келе жатқан орыс, шығыстан келе жатқан коммунистік қытай коммунизміне қарсы қорғанудың шараларымен шұғылданды. 1949 жылдың көктемінде Үрімжі жанындағы Қошты деген жерде түрлі құпия жиналыстар өткізді. Сол жиналыстардың шешіміне сай, гоминдаң қарулы күштері қатарындағы дүңген қолбасылармен, Үрімжідегі АҚШ консулымен, антикоммунист қытай қолбасылармен, Оспан батырмен сөйлесуге апарды. 1949 жылдың аяғында Көклік тауынан көшіп, Такламакан шөлінен өтіп, 1950 жылдың басында Шығыс Түркістан (Шыңжаң) Тибет шекарасына жақын Гаскөлге барды. Сонда аялдаушы АҚШ-тың вице-консолы Mr. Douglas Mackernanмен сөйлесіп хаттар тапсырды.

1951 жылдың басында ҚХР қарулы күштерінің кенет шабуылына душарласып, қыстың ең қақаған қаһарлы кезінде Гималай тауына қарай қашып жан сауғалауға мәжбүр болды. Гималай тауында ҚХР қарулы күштерінің жасаған жеті шабуылынан құтылып, жолдағы ауыр азапты жағдай нәтижесінде көптеген құрбандар беріп, 1951 жылдың аяғында Кәшмірдің Сринагер қаласына барып жетті.

1954 жылдың тамыз айына дейін сонда, яғни, Кәшмірде аялдады. Америка және Тайвандағы Қытай үкіметі (ол кезде Біріккен Ұлттар ұйымында қытай елінің заңды үкіметі ретінде сол танылатын) және Үндістан мен Түркия елдері басшыларына хаттар жазып, бұл қазақтардың туған елінен жан сауғалап неге қашуға мәжбүр болғандығы және олардың жолда қырылған қатын-балаларының аянышты жағдайы, сондай-ақ шет елдерге келіп паналаған сол босқын қазақтардың күнкөріс қамы туралы да көлемді түсінік берген хаттар жазды.

1954 жылдың тамыз айының 29-і күні Түркияның Стамбул қаласы іргесіндегі Тұзла қалашығындағы босқындар лагеріне келді. 1954 жылы 5-қыркүйекте күні Түркияның үшінші орындағы үлкен қаласы Измірдің тоқсан километр қашықтығындағы Салихлы қаласына барып тұрақты түрде орналасты. Сол жылы қазан айында Анкараға барып, Түркия Республикасының президенті Жалал Баярға жолығып, қазақ босқындарды Түркияға қабылдап, туыскандық мейірім көмек көрсеткені үшін туысқан Түркия мемлекетіне рахмет айтты (Бұл сол кездегі Түркия газеттерінде хабарланды). 1954 жылы қыркүйек айында Измірде және Салихлыда ағылшын дипломаты Fox Holmes пен журналист Godfrey Liasty қабылдап, әңгімелесті (Ол кездесу 1956 жылы Лондонда жарияланған Kazak Exodus кітабына негіз болды).

Түрік тарихы және Түрік тілі институты қызметкерлерінен Проф. Др. Абдұлқадыр Инан 1954 жылы 29-шілдеде Анкарадан Стамбул қаласы іргесіндегі Тұзла босқындар лагеріне келіп, Қалибек Хакімге қазақша төмендегі мына толғаумен қош келдің дегенді:

*Балдағы құрыш болат,  
Жанбасыңа ілгенсің.  
Дұшпаннан алған көк мылтық,*

*Күңірендіріп жүргенсің,  
Тәуекелдің кең тонын,  
Өзің пішіп кигенсің,  
Алтайдағы Алашты*

*бұл қытайдың қолынан*

*Құтқарамын дегенсің,  
Табаны жазық тарлан боз,  
Тартып міндің жұрт үшін.  
Қызыл қытай кәпірді,  
Қойдай шалдың жұрт үшін.  
Балдағы алтын құрыш болат,  
Қанға малдың жұрт үшін.  
Асқар - асқар тауларды,  
Қызыл қытай жауларды,  
Басып келдің жұрт үшін.  
Шалқар-шалқар көлдерді,  
Такла макан деген шөлдерді,  
Басып қондың жұрт үшін.  
Түрік жұртына қош келдің,  
Бәрін айт та, бірін айт!  
Әр қылғаның жұрт үшін!*

**29.07.1954 ж. Prof. A. İnan**

Проф. Абдұлқадыр Инанның бұл тарихи толғауы Қалибек Хакім көшінің мән-мағынасын айқындай түсуде. Қалибек Хакім Түркияға барып орналасқаннан кейін де, туған елі мен Отанын естен шығармай, шамасы келгенінше, соңғы деміне дейін елін ойлады. Бұның егжей-тегжейін төменде тізімі келтірілген түрлі тілдердегі кітаптардан және жарияланған көптеген мақалалардан көруге болады.

Әкем Қалибек Хакім Такламакан шөлінен өтті, ізіне түскен жауымен атыса-шабыса жүріп Гималай тауынан асты. Оның бұлардан кем түспейтін және өзі ерекше мән

беретін басты бір ісі, Түркияда қазақпыз деп «алаш» ұранын салған, балаларын сол жолда баулыған тұңғыш қазақ болуы. Бұның дәл солай болғандығына да төмендегі кітаптар айғақ.

Марқұм әкем сұрағандарға қазақтың қарапайым бір шалымын дейтін. Шет елдерде жүріп қазақты сағынғандықтан ба, қазақтың қарапайым бір шалы болуды ең үлкен мәртебе санайтын. Сегіз баласынан Түркияға тірі жеткен марқұм інім Біләл екеуімізге әкем, ылғи Отанға, Ұлтқа, Дінімізге адал болуды тапсыратын. Әкем жеті жасынан бастаған намаз оқып, ораза ұстау ғибадатын, 1951 жылы Гималай тауында өте ауыр жағдай астында жүргенде де үзбеді. Дінге деген сол адалдығын Түркияға жетіп, бұрын өмір бойы істеп көрмеген сауда сатуды кәсіп етіп, тапқан ақшасымен жеті рет қажыға барумен жалғастырды.

Әкем діндар сонымен қатар ұлтшыл да еді. Дінсіз ұлт болмайды. Дінге сенбеген, құдайдан қорықпаған кісіден Отанына, Ұлтына қайыр келмейді. Діни ғибадат дәстүрімен ұлттық салт-дәстүрді бөле қарамау керек. Өз халқының діни сенім дәстүріне берік болмаған кісінің, ұлттық сана-сезімге берік болуы қиын. Шет елдіктерге еліктеп, тек бет-бейнесі ғана қазаққа ұқсайтын біреулерге айналмау үшін, қазақтық қасиеттеріңе берік болындар дейтін.

Әкем ұлтшыл, яғни, қазақшыл еді. Оның қазақшылығы бүкіл түріктік, бүкіл түріктестік ордадан тыс емес-ті. Бірақ ол, қазақ атына еш дақ түсіртпейтін. Қазақтықты ең үлкен мақтаныш санайтын. «Нағыз түрік – қазақ. Нағыз қазақ та – түрік» дейтін. 1954 жылы Үндістанның Кәшмір өлкесінен Түркияға көшер кезімізде, кейбір ұйғыр-өзбек туыстар: «Сендер Түркияға қазақпыз деп бармаңдар. Түріктер қазақ дегенді ұнатпайды. Орыстармен шатастырады» деді. «Қазақпыз демеуге» әкем марқұм

көнбеді. Қазақ деген атымызды өшіртпеу үшін, орыспен қытай отаршылық қанауына қарсы күресіп, осынша азапты тартудамыз. Қандай жағдайда болсын атамыз қазақтың атын өзгертіп басқа ат алмаймыз деді.

Әкем ол бағытынан қайтпады. Өзімен әңгімелескен шет елдіктердің бәріне қазақпыз дегенді баса айтумен болды. Сондықтан да, 1954 жылы Американың әйгілі журналы «National Geographic Magazine» де әкемнің ат үстіндегі үлкен суретімен басылған көлемді мақаласы «Қазақтар азаттыққа қалай қашты?» (How the Kazakhs Fled to Freedom) деген үлкен айдармен шықты. Ал авторы Лондоннан арнаулы түрде Түркияға келіп әкеммен әңгімелескен. Кейін, 1956 жылы Лондонда шыққан, АҚШ-та да жастарға арналып, Пәкістан мен Түркияда бірнеше рет урдуша, түрікше аударылып басылған кітаптың аты да ҚАЗАҚ КӨШІ (Kazak Exodus) еді.

Қалибек Хакім 1960 жылы мамыр айында (APACL) Азия Елдері Антикоммунист Лигасының Тайпи-Тайвандағы жиналысына барды. Сол жолы ұлттық қытай үкіметінің президенті Маршал Жаң Кай Шиге жолығып сөйлесті. Ол кезде БҰҰ-да ол жалпы қытай елінің президенті ретінде танылатын. Оған Шығыс Түркістанның тағдыры жөнінде ескертті. Шығыс Түркістанның тәуелсіздігі жөнінде ұлттық қытай мен коммунистік қытай арасында айырмашылық жоқ екенін анық байқаған Қалибек Хакім, сол күннен бастап Тайвандағы ұлттық қытай үкіметімен байланысын үзді. (Қалибек Хакімнің сол сапары жөнінде Хасан Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір» кітабының 178-180 беттерінде мәлімет берілген)

Жоғарыда да айтылғанындай, Түркияда Қалибек Хакімнің тіке қостау және кеңесімен шығарылған газет-журналдардағы мақалалардың басты тақырыбы сол кездегі қазақ мұңы болған. Марқұмның балаларының бағыты да әке жолынан ауытқымады. Марқұм 1985 жылы

16 қарашада күні Түркияның Салихлы қаласында 77 жасында қайтыс болды.

Алматыда 2007 жылы жарық көрген «Балқаш Бафин» атты кітаптың 421-422 беттерінде Қалибек Хакімнің 1981 жылы 30-қарашада Түркияда отырып Алматыдағы Балқаш Бафинға жазған хаты басылған. «Қадірлі, бауырым, Балқаш» - деп бастаған хатында әкем, туған халқы – қазаққа және Қазақстанға деген сағынышы мен кіршіксіз адал ниетін сонау қаһарлы жылдары, қиыр шетте отырып ашып айтқан. Онда былай деген:

...Хатыңды алғанда Тарбағатайдағы тайпа ел көшіп келгендей қуанышқа бөлендім. Мен қашан да және қайда болсам да: «Құдай қазақ баласына жар бол» деп тілеумен өмір өткізген, шама шарқынша сол жолда тырысқан қазақтың шалдарының бірімін. Жас сексенді алқымдап қалды. Құдайға шүкір, жағдай жаман емес.

Қазақстан жөнінде жазғандарыңның көбіне толығымен қосыламын. Қазақстанды қазақтың қара шаңырағы деп танымайтын бір қазақ жоқ шығар. Тіпті, Қазақстан жеке қазақтың ғана емес, бүкіл түрік тектес халықтардың да кезінде атамекен, құтты қонысы болған ғой. Бұл өзің сияқты ғылым ордасында істейтін азаматтар үшін құпия сыр емес екені анық.

\*\*\*

Бүкіл қазақ баласына сәлем айтам. Бәріңе тілектеспін. Қайда болсаңдар, аман болыңдар,- деген Қалибек Хакім Қазақстанға қаратылған 1981 жылдың аяғындағы соңғы хатында.

Тәуелсіз Қазақстанның көк туының астында тұрып марқұм әкемнің сол сәлемін барлық қазақ баласына ұсынамын.

## *Қалибек Хакім есімі шетел тілдерінде*

Қалибек Хакім жөнінде зерттеу жүргізгенде, қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша және қытайша жазылған қыруар материалдармен жұмыс істеуге тура келеді. Осы тілдердің бәрінде де Қалибек Хакімнің есімі, әр тілдің өз ерекшелігіне сай, түрлі әріптермен жазылған. Бұл жағдай бір тілдің өзінде де неше түрлі кездеседі. Мәселен, Қалибек Хакім есімі бір түрік тілінің өзінде бір неше түрлі кездесуі мүмкін. Қазақтың батыста жақсы танылған бұл атақты перзенті, Түркияда әрі Алібег (Alibeg), әрі Алібек (Alibek) немесе марқұмның өзінің қолтаңбасындағы сияқты Алібай (Alibay) ретінде қолданылады. Түркияда Қалибек Хакіммен бетпе-бет таныса білген жұртшылық үшін Қалибек Хакім кейде Алібей (Alibeuy), кейде Алібей Ата, Аға, қажы ретінде еске алынады да, әркім өз білгенімен танып біледі.

Қалибек Хакім есімі қазақ тілінде, осы тілді сөйлеген қазақ баласының өмір сүрген орталарындағы ерекшеліктерге сай, әрі араб әліппесіндегі төте жазумен, әрі кириллицада дауыс пен дыбыс ерекшеліктеріне сай Қалибек (Qaliybek) яки (Kaliybek) ретінде кездестіріледі. Кейбір материалдарда Қалибек Хакімнің есімі әкесінің Райымбек есімімен бірге де айтылады. Америкалық зерттеуші професор Линда Бенсон (Linda Benson), Райымбекұлы Қалибек есіміндегі «бек» деген сөзді көріп, оның лауазым және тектілік белгісі екендігіне меңзейді. Профессор Бенсон, басқа бір мақаласында Қалибек Хакім есімінің қытайша Халибек ретінде жазылғандығына көрсетеді.

Қалибек Хакім есіміне қатысты бұл жағдай Орталық Азия және Шығыс Түркістандық кейін патшалық Ресей

құрамына енген түркі тектес мұсылмандар жағынан қолданылып келген қазақ халқының араб әріптерімен Ахмет Байтұрсын емлесі (әліппесі) деп те аталатын әліппенің өзгешелігінен туындауда. Араб әліппесіндегі ғайын әрпінің Қ немесе Ғ ретінде айтылып жазылуынан шығады. арабшадағы Әлі есімінің Ғали ретінде, Қазан татарларының әйгілі Ғалия медресесі мысалындағы атауы сияқты тарихта қалып қойған. Ал қазақшада болса Ғали есіміндегі ғ әрпі одан әрі қатайтылып Қали етіліп қолданылады.

Қалибек Хакім есімі шетел/батыс тілдеріндегі деректерде де түрлі түрлі жазыла берген. Қалибек Хакім жөнінде кітап-мақала жазып зерттеулер жасағандар, бұл есім құлаққа қалай естілсе, солай әріпке түсіріп жаза берген. Мысалы, 1954 жылы Америка Құрама Штаттарында басылып шыққан Национал География (NATIONAL GEOGRAPHIC) журналындағы мақаласында, Милтон Клерк (Milton Clark), Қалибек Хакімнің есімін Қали Бег (Qali Beg) ретінде жазған. Өйткені, Гарвард (Harvard) та ғылым докторлығына даярланып жүрген Клерк Қалибек Хакіммен Үндістан-Кәшмірде кездескен. Одан бұрын елде Еренқабырғада Сауан өңірінің әкімі болған Қалибек әлі Хакім деген лауазымды өзіне фамилия етіп қабылдамаған кезі болатын. Сондықтан қазіргі күнге дейін ағылшын тіліндегі деректерде Қали Бег есімі әлі де кездестірілуде. Осыған айғақ ретінде, Томас Лаирд (Thomas Laird) дің 2002-INTO TIBET кітабын келтіруге болады. Ал, профессор Линда Бенсон, 1989 жылы Іле көтерілісі (ILI REBELLION) деген кітабында Қалибек Хакім есімін Алі Бег Хакім (Ali Beg Hakim) ретінде жазып кеткен.

Қалибек Хакімнің есімінің әрбір алфавитте басқа-басқа жазылуына өз перзенттерінің де үлесі болған. Мысалы Хасан Оралтайдың 1961 жылғы Hürriyet Uğrunda Doğu Türkistan Kazak Türkleri (Еркіндік жолында Шығыс

Түркістан қазақ түріктері) кітабында Қалибек Хакімнің есімі әрі Алібек Хакім, әрі Алі Бег Хакім ретінде келтірілген. Қалибек Хакімнің бейітінің басына қойылған екі метрлік қабір тасында, марқұмның есімі Алібек Хакім(Alibek Hakim) ретінде жазылған.

**Хасан ОРАЛТАЙ,**  
*Журналист, жазушы.*

## *Қалибек Хакім туралы лебіздер*

**Нұрлан ОРАЗАЛИН,**

*Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы*

Армысыздар ағайындар! Біз тарихшы емеспіз, әрбір қазақтың, Қазақстан халқының, Қалибек Хакімнің есіміне байланысты шығармаларды оқыдық. Түркістан ХХ ғасырдың басында ХІХ ғасырдың аяғында қазақ халқы екі ірі империяның қыспағында, бір жағында Ресей, екінші жағында Цинь империясы шекарасын бөліп қазақ дейтін бір халықты қайшымен бөлгендей жырым-жырым етіп, екі-үшке бөліп жатқан кезде, соның ең бір шұрайлы, ең бір қаймағы бұзылмаған тарихы бай өлке мына Алтай, Аспантау, Еренқабырға өлкесі Қытай жағында қалып қойды. Шәуешек протоколын, Құлжа, Үрімжі, Петербор шарттарын білеміз. Бұның бәрі өздері кейін айтып жатқан дүние, сол қазақ жерін екіге бөліп тастаған біртұтас елдің артында үлкен-үлкен империялық мақсат-мүдделер тұрды. Сол мүдделердің ең ширыққан тұсы 40-50 жылдар болды. Бұл біздің бала күніміздегі жаңадан бел жазып келе жатқан кезіміз. Басқа ел қасірет көріп жатқанынан бейхабармыз. Ол кезде құлағымызды бекітіп, жауып, одан ешқандай ақпар бермеген кез болатын. Кейіннен алпауыт Қытаймен алысып жатқан батырларды ести бастадық. Солардың ішінде өзінің тұғыры ерекше биік, көрнекті

тұлға Қалибек Райымбекұлы болатын. Қалибектің тектілігі, туған елі қалай болатын болса, оның бүкіл өсу жолы ұлттың перзенті, соны қайрауға, қалыптастыруға арналған жеке тағдыр, жеке шежіре ретінде есептеуіміз керек. Мұны ақын ретінде, жазушы ретінде жүрекпен сезініп айтып тұрмын. Қалибек Хакім ұлттық идеяны өзіне мұрат тұтып, Алашшыл бола білді.

**Мұхтар ШАХАН,**

*Белгілі қоғам қайраткері, «Жалын» журналының бас редакторы*

Қазақ халқында ұлтжанды азаматтар аз болмаған. Рас, солардың басын қосып, үлкен істерге үндеген, үлкен істерге бастаған адам ұлтжандының ұлтжандысы, батырдың батыры. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда Қалибек Хакім ердің ері, азаматтың азаматы, ұлылардың ұлысы, батырлардың батыры. Біздің ұлтымыз не көрмеді? Сондай кезеңдерден халқымыз сүрініп-қабынып келе жатыр. Ал, мына Қалибек атамыздың 100 жылдығы – бүкіл қазақтың тойы. Мен Қалибек жөніндегі пікірді баласы – сара перзенті – дара перзенті Хасан Оралтай ағадан біліп, ол кісінің кітабын оқыдым. Хасан Оралтай – қазақтың нағыз ұлтын сүйген ұлтшыл азаматы. Мына үлкен адамның перзенті екендігін әлдеқайда ақтаған адам. Сондықтан бұл кісіге менің құрметім ерекше.

Қазіргі кезде біз өтпелі кезеңде, қиын жағдайда тұрмыз. Қазақ халқының үштен бірі шетелде тұрады. Ал енді соларды елге көшіру үлкен күшке түсіп жатыр. Оны мемлекет дұрыс жолға қойса, шешілмейтін мәселе жоқ.

Мемлекет осылай кете берсе, тілі де болмайды, салт-санасы да болмайды. Ал, біз тілді көтерсек, өз тілімізді қорғасақ, нағыз ұлтшыл боламыз. Мұндай үлкен адамдардың тойы халықтық деңгейде өтіп, бүкіл теледидардан көрсетілуі керек. Қалибек Хакімнің ерлігі

– ерліктердің ерлігі, бұл кісіге арнап ескерткіш қойылып, қазақ жерінде одан да үлкен құрмет белгісін орнатсақ, артық болмайды.

Хасан аға! Сізді мен ерекше қадірлеймін. Сіз сонау кездің өзінде шындықты айтудан еш уақытта жасқанған емессіз. Азаматсыз, әкеніздің аруағы қолдай берсін! 75 жылдық мерейтойыңыз құтты болсын! Жұлдыздарыңыз рух биігінен жарқырай берсін!

### **Рымғали НҰРҒАЛИ**

*Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, профессор*

Бүгін Қазақстан өмірінде ерекше айтулы күн. Өзі батыр, Қазақтың соңғы арыстандарының бірі Қалибек Хакімнің 100 жылдығы өтіп жатыр. Оспан батырдың да мерейтойы алдыңғы жылы аталып өткен. Бұл – Қазақстан тарапынан осы екі батырды бір-бірден ресми түрде мойындауы. Бұл – Қазақтың тұтас тарихының қаралып, зерттелуінің белгісі. Ұмытылыққырап жүрген Әнуар Әлімжанов деген жазушымыз бар, 1960 жылдардың ортасындағы екі жазушы, біреуі – Олжас Сүлеймен, екіншісі - Әнуар Әлімжан. Олар шеттен әр түрлі кітаптар әкеп жүретін. Бір күні Әнуар Әлімжан шетелге барып келгеннен кейін екі нәрсені көрсетті: бірі – Оспан батырдың суреті, Американың үндістері сияқты бетінің бәрі – тұмсық, екіншісі – Қалибек батырдың ат үстіндегі осы суреті. Ағылшын тілінде Американың журналдарының біріне басылған. Біз таң тамаша болып, қайран қалдық. Біз ол кезде қазақ тарихын жақсы білмейтін едік.

Қалибек Хакімді, орыс отаршылармен аянбай соғысқан кешегі Кенесарыға теңесек, Кенесарының ұлы Сыздық тәрізді Хасан Оралтай да отаршылармен қалам арқылы 30 жыл сайысқаны тарихи шындық. Қазақтың осындай батыр ұлдары тұрғанда ұлттық рухтан айрылу деген кешірілмес күнә. Арыстарымызды ардақтайық, ағайын!

## **Тұрсынбек КӘКІШ**

*Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, профессор*

Мен ұсыныс айтсам деймін. Бұл кісілерді мен де білемін. Қалибек Хакімнің ұлының еңбектерін естідік, «Азаттық» радиосын 1956 жылдан бері тыңдадым. Қазақстанның басына күн туғанда, айғайлап шыққан ұлы Хасанды тыңдадық, «Азаттықты» тыңдадық.

Қалибек Хакімнің істеген еңбектері бізге үлгі. Қазір «Мәдени мұра» деген бағдарлама жүріп жатыр. Шетелде біздің 5 миллион қандастарымыз бар. Неге осындай адамдарымызды әдебиет тарихына кіргізбейміз? Біз енді кешегі жаудың өтінде, елдің шебінде болған арыстарымызды да еске алып, ортамызға оралтуымыз керек. Қалибек Хакім сияқты арыстарымызға Алматы мен Астана қалаларынан, болмағанда қытаймен шекаралас облыс орталықтарынан көше аттарын берілуін Қазақстан Үкіметінен талап етуіміз керек. Сонда ғана қазақ тарихына жай қарай алмайтындығымыз көрінеді.

## **Қалдыбай ҚАНАФИН**

Құрметті халайық! Қалибек ағамызға беріліп жатқан ас қабыл болсын!

Мен Қалибек ағамен 1946 жылы танысып, жақсы әңгімелескен адаммын. Ол кезде, 1946 жылы Тарбағатай азат болған, Алтай азат болған, Үш Аймақ, «Шығыс Түркістан» деп аталған уақытша мемлекет құрылған болатын. Ал, сол мемлекеттің құрылуына көп еңбек сіңірген, қайрат еткен, ат салысқан үлкен батырдың бірі – осы Қалибек ағамыз болатын. Қалибек аға Манастағы, Сауандағы халықты ұйымдастырып, партизан басшысы болған, өзі Манас шекарасына дейін барып, тоқтамай, Сталиннің айғайымен ғана тоқтаған.

Мен Қалибек ағаға келгенде, жазушы емеспін, акын емеспін, суреттей алмаймын. Бар болғаны – шындықты

айтуым керек. Мен сол уақытта Тарбағатай аймақтық сақшысының бақылау бөлімінде орынбасары болдым. Бір күні мені шақырып жатыр деген хабар келді. Барсам, вице-консул Қалибек бұзылғалы жатыр екен, хабаршылар келді. Бірақ, бұл құпия сыр болатын. Қалибек өзінің мақсатының орындалмайтынын білді және қайда барса да ол мақсатқа жете алмайтынын біліп, аттанған болу керек.

Бір күні маған Балқаш Бафин: «Сталиннің алтын қаламымен жазылып жүр ғой, Қалибектерге қосылсақ қайтеді?» - деді. Мен айттым: «Қосылсақ, қосылайық, бірақ шыға алмайтын жәйім болып тұр. Сондықтан қалай қосыламыз, тартып кетсек, Қызылөзен маңайынан кезігетін шығармыз», - дедім. Сонда бір ниетіміз бұзылып тұр еді. Біздің де бұл кезде Үш аймақ үкіметіне көңіліміз қалып тұрған кез болатын.

### **Никар ханым**

*Балқаш Бафиннің жары, Башбай келіні*

Құрметті көпшілік, атам қазақ: «Әкеден ұл туса екен, әке жолын қуса екен» деп армандайды, тілейді. Міне, қасымда «Сұңқардың тұяғы, асылдың сынығы». Әкесінің арманын бір кісідей орындаған азамат тұр, мен бұл кісінің алдында бас иемін.

Әз аға, кезінде бүтін Түркістанның қазақтарын дүр сілкінткен, соншалық батырлығын өзіне елдің бәрін табындырған адам. Менің ақсақалым – Балқаш Бафин ол кісі дегенде ішкен асын жерге қоятын. 70-жылдардың басында өкіметте отырғандар Балқашты Түркияға жіберіп, сол кісімен кездестіруге бел байлады. Бірақ бас тартты. Мен әйелмін ғой, шетелге шықса, барып келсеңші дедім. «Қой, мен ол кісіге шынымды да айта алмаймын. Өтірік те айта алмаймын», - деді. Мен барғанда жанымда «үш әріптің» кісісі болады, олар еш уақытта шындықты айтқызбайды. Ал, өтірік айтуға Әз ағаға жаным көтермейді деді. Кейін

баруға шамасы келмегеннен кейін, хат жазысып тұрысты. Әз ағаға жазған Балқаштың хатында, ол кезде, Совет кезінде Балқаштың аузына құлып салынған, тілегенін, арманын жеткізе алмай, әйтеуір, қазақтың қаны тамған, қазақтың қара шаңырағы – Қазақстанға келіңіз деп қиыла хат жазған болатын. Сонда Әз ағам: «Балқаш, сенің хатыңды алғанда бір тайпа ел көшіп келгендей қуандым» - деп жазған еді.

Шіркін-ай, осы отырыстың ішінде Балқаш та болса, көсіліп сөйлегендей болар еді. Амал қанша, бәрі Алланың ісі. Мен бұл жерде Хамза Ұшарды да айтып кеткен болар едім. Екеуі көп хат алысты, құрдас болатын. Сол сіздерге, отбасыларыңызға амандық, бақыт тілеймін. Ұрпақтары аман болсын, ұрпақтары қазақтың төрінен көрінетін болсын!

### **Жағда БАБАЛЫҚ**

*Этнограф, ғалым*

Ассалаумағалейкум, көпшілік қауым! Бүгін бір үлкен ас беріліп жатыр. Қабыл болсын!

Мен Қалибек ағаны көрген адаммын. Бірге болдым, соғысқа да бірге қатынастық. Талай рет әңгімелестік, сырластық. Біздің өміріміз бірге өткен адамбыз. Бізді жан-жаққа шашты. Біз быт-шыт болдық. Ендігі тілек, осы астың Алматыға келіп беріліп жатқанына мен өте қуаныштымын. Өйткені сонау Түркияда, Америкада, Еуропа елінде де осы асты беруге болады. Бірақ Алматыға, Қазақстан халқының алдында мына асты беру өте орынды да, жақсы болды. Сыртта шашылып кеткен қазақтарды шақыру үшін дәнекер бастауыш, із, ниет болады. Сыртта мемлекетте 6 миллион қазақ жатыр. Осы 6 миллион қазақты Қазақстанға шақырмаса, біздің мемлекет болуымыз қиын болады. 6 миллион қазақ шоғырланса, Аллаға шүкір Қазақ Мемлекеті өзін жыға қоймас. Мына дастарханға батамды берейін: